

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Отандастарымыз жарты жыл ішінде жеке зейнетақы шоттарының жай-күйі туралы 11,5 млн-нан астам үзінді көшірме алды

Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларға (алушыларға) жарты жыл ішінде (01.01.2023ж. бастап 01.07.2023ж. дейін) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы **11,5 млн-нан астам үзінді көшірме** берді. Оның ішінде 8,7 млн (75,8%) электрондық форматта, автоматты режимде – 2,5 млн (21,4%), Қор кенселерінде – 281,2 мыңы (2,4%) беріліпті. Осылайша, ЖЗШ-дан үзінді көшірме беру БЖЗК-ның ең танымал қызметі болып қала береді.

Алты айда Қор салымшыларға (алушыларға) **12,5 млн** қызмет көрсетті, оның ішінде электрондық форматта – 8,8 млн., автоматты түрде – 2,7 млн. іске асырылған. Тиісінше, қызметтердің **92%** қашықтан көрсетіледі.

Алайда, кейбір салымшылар (алушылар) БЖЗК-ның жеке көрсетілетін қызметін қалайды. 6 айда күндізгі форматта **663,8 мың** қызмет көрсетілді (қызметтердің жалпы көлемінің 5,3%), оның ішінде **570,9 мың** қызмет Қор бөлімшелерінде жүзеге асырылған. Откен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жүзбе-жүз көрсетілетін қызметтер 20,9%-ға аз ұсынылды, бұл онлайн-қызметтердің танымалдылығы артып келе жатқанын растиады. Естерінізге сала кетейік, сізге жақын орналасқан Қор бөлімшесінің мекенжайын [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтынан немесе БЖЗК/ENPF ұялы қосымшасынан нақтылауға болады.

БЖЗК-ның барып қызмет көрсететін бөлімдері де белсенді жұмыс істеуде. Олар 88,6 мыңдан астам қызмет көрсетті, оның 6,6 мыңға жуығы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан адамдарға ұсынылған екен.

БЖЗК үшін ең маңызды міндет – адамдармен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Оның мақсаты – сауаттылық деңгейін, зейнетақыны қалыптастыру тәсілдері туралы білім деңгейін арттыру, оны жинақтау мен көбейту үрдісіне тарту. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 17,5 мың жылжымалы таныстырылым өткізілді, бұл откен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,6% артық. Таныстыру тұсаукасерін өткізу барысында 379 мың адам жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпарат пен жеке ақыл-кеңес алды. БАҚ-та жыл басынан бері 6 ай ішінде БЖЗК бастамасы бойынша 22,1 мыңдан астам жарияланым жарық көрді. Бұл откен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,7% көп.

БЖЗК ақыл-кеңес беру қызметтерінің де сапасына ерекше көңіл бөледі. Салымшылар мен алушылар өздеріне қажетті ақпаратты түрлі арналар арқылы, атап айтсақ: 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін), [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) корпоративтік сайтынан, БЖЗК/ENPF ұялы қосымшасында, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы және БЖЗК-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парапеттерден ала алады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мулік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Укіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшига (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).